

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» институты
«МЕНЕДЖМЕНТ» кафедрасы**

А.С.БОТБАЕВА

**«Мемлекеттік басқару теориясы»
пәнін оқып үйрену бойынша әдістемелік нұсқау
«050510-Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығы студенттеріне арналған**

Ақтау - 2011ж.

ӘОЖ 332 (072)

ҚҰРАСТЫРУШЫ: А.С.Ботбаева «Мемлекеттік басқару теориясы» пәнінен «050510-Мемлекеттік және жергілікті басқару», мамандығына арналған әдістемелік нұсқау. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011 – 30 бет.

Рецензент: э.ғ.к.доцент Аманиязова Г.Д.

«Мемлекеттік басқару теориясы» курсына оқытуға арналған әдістемелік нұсқауда мемлекеттік басқарудың теориялық-методологиялық негіздерін ашып көрсетумен қатар, дәрістер жинағы, глоссарий, студенттерге курстық жұмыс тақырыптары мен тест тапсырмалары қарастырылған.

Баспаға Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ оқу - әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	3
2. Дәрістер жинағы	4-18
3. Глоссарий.....	19
4. Курстық жұмыс тақырыптары	20
5. Ағымдық бақылау үшін тест тапсырмалары.....	21-29
6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	30

КІРІСПЕ

Мемлекеттік басқару теориясының негіздерін білу іргелі және жан-жақтылы білім алудың міндетті элементі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік және жергілікті басқару саласында мамандарды дайындаудағы оқу пәндерінің құрылымында мемлекеттік басқару теориясы алғашқы орынға ие болады. Басқарудың барлық деңгейлерінде, шаруашылық жүргізудің барлық буындарында ағымдағы жұмысты үнемі болашақпен салыстыра алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын мамандардың рөлі барған сайын арта түсуде. Қазақстан экономикалық және саяси қатынастардың ғаламдық ықпалдасуымен сипатталатын қазіргі кезеңнің құндылықтары мен талаптарына бей-жай қарай алмайды. Дамудың жаңа тұжырымдамасы ресурстар мен экономикалық қызметке еркін қол жеткізудің әлеуметтік құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейтуді, азаматтардың саяси тұрғыдан өздерін көрсете алуын мойындайды. Қазіргі уақытта елімізде мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде тиімді механизмдерді қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдануда. Олар мемлекеттік басқаруды жетілдіруді; мемлекеттік билік органдарының құрылымын ұтымды етуді; билікті бақылай алатын толық құқықтық азаматтық қоғамды қалыптастыруды қамтиды. Мемлекеттік билікті нығайту, тиімді басқару жүйесін құру негізінде Қазақстан өскелең дамиды әлеуметтік бағытталған экономиканы құра алады.

Курстың міндеттері келесі мәселелерді зерттеу болып табылады:

- Мемлекеттің пайда болуының мәні мен нысандары;
- Мемлекеттік басқарудың қажеттілігі;
- Мемлекеттік басқарудың теориялық-әдістемелік негіздері;
- Президенттік және парламенттік басқару тәртібі;
- Мемлекеттік қызметкерлердің іске асырылу тәжірибесі;
- Мемлекеттік басқару ісін құқықтық реттеу мәселелері.

Мемлекеттік басқару теориясы маңыздылығының үш басты себебі бар, біріншіден, адамзат тарихындағы мемлекеттік басқарудың бай практикасы ғылыми

тұрғыдан сұрыпталып, соның нәтижесінде оның теориялық негіздері қалыптасты да, қоғамдық ғылымдар құрылымында ол маңызды бағытқа ие болды, екіншіден, өткен XX ғасырдың соңғы 10-жылдығының бас кезінде ыдырап кеткен Кеңес Одағының теориялық кеңістігінде пайда болған дербес және тәуелсіз мемлекеттер секілді Қазақстан да әлеуметтік, экономикалық, геосаясаттық, менталитеттік және тағы да басқа ерекшеліктерін ескере отырып, әрі қарай күшейтіп, қуаттандырып келеді, үшіншіден, бізде осы мемлекеттілік пен мемлекеттік басқару транзиттік экономика жағдайында іске асырылуда. Осылардың үшеуі де жоғарыда аталған «Мемлекеттік басқару теориясы» пәні бойынша оқитын студенттердің ғылыми-теориялық дайындығының негізгі арқауы болып табылады.

ДӘРИСТЕР ЖИНАҒЫ

Мемлекеттің мәні мен нысандары

1. Мемлекеттің пайда болуының мәні
2. Мемлекет функциялары және олардың жіктелуі

1. Мемлекет түсінігінің өзі кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада мемлекет деп қоғамның өзін немесе оның қандай да бір ерекше нысанын айтады. Тар мағынасында мемлекетке басқару органдары немесе субъектілері, ұлттар, белгілі бір елдің халқы тұрып жатқан аумақ жатқызылады.

Мемлекет дегеніміз - кез-келген қоғамның табиғатынан туындайтын таптық тар ауқымдағы міндеттерді экономикалық емес, сондай-ақ ортақ істерді атқару үшін қажетті саяси билік ұйымы.

Қазіргі кезде мемлекет көбінесе қолында билігі бар саяси күштердің немесе тұлғаның меншігі ретінде қарастырады. Мемлекетті бұрынғыдай күштеу машинасы, қысым көрсету құралы ретінде біржақты түсіндіру әлі де болса сақталуда. Кейбір мемлекеттанушы ғалымдар мемлекетті әрбір адамға қайырым жасауға міндетті, жалпыға бірдей игілікті қамтамасыз ететін құрылым ретінде сипатталады.

Мемлекет қызметінің маңызды бағыты – адамның қоғамдық өмірін басқару. Ал адамның қоғамдық өмірі мемлекеттік басқару теориясының объектісі мен зерттеу заты болып табылады. Мемлекет адамның аумақтық ұйымдастырушының белгілі бір тәртіптік жүйесі. Осылай, біріншіден, әр түрлі адамның ұлттық, діни және әлеуметтік белгілеріне қатысты бейтарап құрылым қалыптастырылады. Тарихи түрде мемлекет адамның жаңа қауымдастығын құрады.

Мемлекет өзінің аумағында тұатын адамдарды, оның ішінде азаматтығы жоқ тұлғаларды, сонымен қатар басқа мемлекеттің азаматтарын біріктіретіндіктен, ол барлық адамдар қауымдастығының қажеттілігін, мүдделері мен мақсаттарын объективті түрде білдіреді. Дамудың әр кезеңдерінде бір жағынан адамның

құқығы мен бостандығын қамтамасыз етеді, оның шығармашылық қызметіне еркіндік болып, белсенділігін арттыратын, екінші жағынан – қоғамға белгілі бір ұйымдарынан бастау енгізіп, жеке адамдық қызметін тәртіпке келтіретін мәселелердің шешілу жолын табу мемлекеттің міндеті болып табылады.

Мемлекет үшін, ең алдымен өз халқының ұлттық мүддесін білу, оның әлемдік қауымдастық халықтарының мүдделерін қаншалықты өзара байланысы екенін және оларға қаншалықты тәуелді екенін анықтау, осы мүдделерді жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасау өте маңызды болып саналады. Мемлекет заңды монополияға ие және оны орындату барысында, мәжбүрлеу тәсілін де қолданылатын баса атап көрсетейік.

Мемлекеттің мәні, өз мақсатын қызметтік жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін өзінің аппаратын – ортақ қажеттіліктерді, мүдделерді, мақсаттарды айқындайтын және қоғамның мемлекеттік-құқықтық нормаларын әзірлеумен кәсіби айналысатын адамдар тобын белгілі бір жағдайда ұйымдастырылып, оларды қолдайтындығында. Аппараттың бір бөлігі заң шығару қызметін, заңның орындалған және сот ісін жүргізумен айналысса, екінші бөлігі ішкі және халықтық деңгейдегі тұрақтылығын, оның әлемдік қауымдастығын өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Мемлекет - саяси-құқықтық институт, саяси билік ұйымын құрған әлеуметтік институттың жүйесі.

2. Мемлекеттің функциялары – бұл мемлекеттің жалпы адами мәні мен әлеуметтік тағайындауы көрініс табатын және нақтыланатын оның ішкі және сыртқы қызметінің негізгі бағыттары.

Функциялар бір-бірімен келесідей жалпы белгілері бойынша ажыратылады.:

Біріншіден, мемлекеттік әсер етуші объектінің ерекшелігі, өзінің қызмет ету процесіне мемлекет ықпал ететін қоғамдық қатынастардың ерекшелігі бойынша;

Екіншіден, әрбір функция мазмұнының, яғни мемлекет қызметінің біртекті, бір-біріне ұқсас түрлерінің өзіндік ерекшелігі бойынша;

Мемлекет функциясын қоғамдық өмірдің саласына байланысты атқаратын міндетіне қарай ішкі және сыртқы деп топтастыруға болады.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларының арасында негізгі және қосымша функциясын да атап өткен жөн. Негізгі функциялар – бұл белгілі бір тарихи кезеңде түбірлі стратегиялық міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік қызметтің жалпы маңызды бағыттары. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы қызметінің шешуші, негізгі бағыттарының біріне күш-жігерді шоғырландыруы. Әлеуметтік өмірдің нақты саласындағы өзара ұқсас ауқымды қоғамдық қатынастар оның негізгі объектісі болып табылады.

«Қосымша» - көптеген сан түрлі функциялардың ішінен көлемі ауқымды, мазмұны бойынша жалпы мемлекеттің негізгі функцияларын анықтау үшін шартты түрде қолданылатын. Негізгі функция әр қилы функцияның жиынтығын емес, ішкі бірлігі бар, мақсатты бағытталған мемлекет қызметінің көптеген бағыттарының жүйесін білдіреді.

Мемлекеттің тарихи дамуы барысында оның функциялары да өзгерді. Барлық жағдайда оладың пайда болуы нақты тарихи кезеңдегі қоғамның экономикалық және әлеуметтік құрылымымен, мемлекеттік мәнімен және әлеуметтік тағайындалуымен байланысты.

Қазіргі кезеңде Қазақстан мемлекетіне келесідей негізгі ішкі функциялар тән: экономикалық, азаматтардың бостандығы мен құқығын қорғау, әлеуметтік,

мәдениет, ғылым және білім беруді дамыту, салық салу және салық жинау, барлық меншік түрлерін құқықтық тәртіпті сақтау.

Экономикалық функцияда шаруашылық жүргізу саласындағы мемлекеттің рөлі толық көрініс тауып, ол басқару жүйесінде экономикалық механизмдерді кеңінен қолдануға негізделген.

Мемлекеттің мәдениет, ғылым мен білім беруді дамыту функциясы – мәдениет пен әдебиеттің, өнер, театр, кино, музыка, дене шынықтыру мен спорттың, радио, теледидар және БАҚ-ң дамуына мемлекеттік қолдау көрсеткіштерді, тарихи-мәдени мұраны, тарихи кешендерді, қорықтық аумақтарды, мұражайларды сақтауды және қорғауды қамтиды.

ГТР-ның дамуы және оның адам өміріне тигізетін салдары мемлекеттің экономикалық функцияларына, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қызметіне деген қажеттіліктерді тудыратын объективті фактор болып табылады.

Салық салу және салықтарды жинау функциясы – мемлекеттің шаруашылық – ұйымдық қызметін қарастыруда қамтылатын болып негізделеді.

Халықтық қатынастарда ашықтық және ынтымақтастық арқылы ұлттық мүддені жүзеге асырады, елдің ішкі дамуын реформалауды жүргізгенде қолайлы жағдай жасау қазіргі кезеңдегі Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясатының міндетіне жатады. Осымен ол келесідең сыртқы функцияларды жүзеге асырады: елдің қорғанысы, ТМД елдерімен ынтымақтастық және тату көршілік қарым-қатынас жасау, әлеуметтік экономикаға интеграциялану және әлеуметтік проблемаларды шешуде басқа елдермен ынтымақтастықты дамыту.

Қорғаныс функциясы. Біздің мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің басты бағыттарының бірі- оның саяси, экономикалық және әскери қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі.

Бейбітшілікті қамтамасыз ету және әлемдік тәртіпті қолдау функциясы. Қазақстан мемлекетінің бейбітшілікті қамтамасыз ету қызметіндегі басым бағыттары жаңа ғаламдық соғыстың болуына жол бермеу және жаппай қырып-жою қаруымен жаңа әскери технологияның таратылмауына күш салу болып табылады.

Әлемдік экономикаға кірігу және әлеуметтік проблемаларды шешуде басқа елдермен ынтымақтастықты дамыту функциясы. Дүние жүзінің 70-тен аса елімен орнатқан қауырт сыртқы экономикалық байланысы оның дүние жүзілік экономикалық кеңістікке интеграцияның негізгі факторы болады.

Мемлекеттік басқарудың қажеттілігі

1. Мемлекеттік басқарудың объективті қажеттілігі.
2. Унитарлық және федеративті мемлекет.

1. Қоғамды мемлекеттік басқарудың объективті қажеттілігі жалпы тарихи және әлеуметтік-саяси, сонымен қатар нақты қоғамның тек өзіне тән факторлардан туындайды.

Қазіргі ғылыми деректерге сәйкес алғашқы мемлекет адамдар қауымдастығының өмір сүру шартына айналған еңбек қызметінің жаңа нысандарын, өндіруші экономиканың қызмет етуін ұйымдасқан түрде қамтамасыз ету үшін пайда болады, деп жазады профессор А.Венгеров. Ең алдымен, қоғамға ақпараттық қызметкөрсетулерді көздеген басқарушылық (жұмыстар туралы әр түрлі мәліметтер жеткізу және т.б.) функция туындайды. Қоғамнан негізгі кәсіби ұйымдастырушылық қызмет көрсету болып табылатын адамдар тобы бөлініп

шығып, көптеген басқару лауазымдар пайда болып : жұмысты басқарушылар, әскери басшылар; есепшілер және т.б. Бұл топ мемлекеттік аппаратын-алғашқы бюрократиясы құрды.

Топтастырылған жіктерге әлеуметтік бөліну және оларға тән қарама-қайшы мүдделерін қайшылыққа толы өзара қарым-қатынастар мемлекеттің саяси функциясына – қоғамдық және әлеуметтік қатынастарды реттеуге деген қажеттілікті туғызды.

Қоғам мүшелерінің жүріс-тұрысының, тәртіптің жалпы ережелерін бекіту және қатаң сақтау, сондай-ақ қоғамға қажетті қызмет түрлерін (өндірісілік сауда және т.б) ұйымдастыруын реттеу мемлекеттің пайда болуын даму кезеңдерінен бергі негізгі міндеті болып табылады.

Мемлекеттік басқару саяси бірлікке біріккен адамның ортақ ерік-мүддесін білдіретін орталықтандырылған билік арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда аталған факторлардың ешқайсысы да ұтымды басқарудың заңды негізі (дитерминанта) ретінде өз мәнін жоғалтқан емес. Қоғамның көптеген басқа да объективті қажеттіліктері қалыптасты, ал ол қажеттіліктерді кез-келген мемлекет тек адамның біріккен қызметін қоғамдық қатынастардың жаңа түрлерін және формаларын сапалы түрде ұйымдастыру мен басқару арқылы қанағаттандыра алады.

Әрбір ел үшін атқарылатын мәселелердің белгілі тарихи кезеңмен байланысы өзіндік ерекшеліктері болады. Егер басқарушы күштер өз қызметінде жалпы даму заңдарын білуді басшылыққа алуға қабілеттілік танытса, сондай-ақ өздері басқарып отырған халықтың жағдайын, даму деңгейін, дәстүрлі , оның үміттерін ескермесе онда қоғамды басқару өзінің алдына қойған міндетін толық атқара алмайды.

2. Мемлекеттік құрылым нысаны мемлекеттің ішкі құрылымын, оның құрамдас бөліктерге әкімшілік-аумақтық бірліктерге, автономдық саяси құрылымдарға немесе егеменді мемлекеттерге бөлінуін білдіреді. Ол сонымен қатар жалпы мемлекеттің оның жеке бөліктерінің арақатынасын сипаттайды. Мемлекеттік құрылым нысаны бойынша мемлекеттер унитарлық (біртұтас) және федеративтік болып бөлінеді.

Унитарлық мемлекет – біртұтас мемлекеттік құрылым. Мемлекет бұл жағдайда мемлекеттік биліктің тік бірыңғай жүйесі арқылы басқарылатын әкімшілік-аумақтық бөліністерге ған бөлінеді. Оларда автономдық жергілікті өзін-өзі басқару болуы да мүмкін. Мұндай мемлекетке бүкіл елге ортақ мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдарының, біріңғай сот жүйесімен конституцияның болуы тән. Унитарлы мемлекет қатарына: Ұлыбритания, Франция, Италия, Венгрия және т.б.

Федерация мемлекеттік құрылымның күрделі нысанын құрайды. Федеративтік мемлекет – басқа мемлекеттік немесе мемлекеттік құрылымдардан, федерация мүшелерінен (штаттан, одақтас немесе автономдық республикадан) тұрады. Барлық федерацияға ортақ мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарының болуы және қызмет етуімен қатар олардың аумағында өзіне тиесілі мемлекеттік басқарудың жоғарғы және жергілікті органдары әсер етеді. Осыған сәйкес конституциясы, басқа федералдық заңдары, сот, прокуратура және өзге де органдары болады. Қазақстан – біртұтас, ал Ресей федеративті мемлекет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының Президенті.
2. ҚР Парламентінің құрамы мен құрылымы.

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституциясының мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді (40-бап).

Қазақстан Республикасының Президенті тумасынан сол елдің азаматы болуы, 40-жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, әрі Қазақстанда кемінде 15 жыл бойы тұрған адам Президент болып сайлана алады.

Президент өкілді органның депутаты болып қоса сайлана алмайды, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіптік қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Республика Президенті өз өкілеттілігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияларға қызметін тоқтата тұрады. Ол ешкімтііспеу құқығына ие.

2. Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады.

Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және ҚР-ң астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және республикалық астанасының барлық кенөкілді органдары депутаттардың бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан құрылады. Сенаттың жеті депутаттың Сенат өкілеттілігі мерзіміне Республиканың Президенті тағайындайды. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. ҚР-ның кемінде 5жыл азаматы болған, жасы 30-ға толған, жоғарғы білімі және кемінде 5жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республиканың маңызы бар қаланың немесе республика астанасының аумағында кемінде 3 жыл тұрғылықты тұрған азаматы 6 жыл өкілеттік мерзімге Сенат депутаттары болады.

Сенаттың ерекше қарауына: ҚР-ның Президентінің ұсынған республика жоғары соттың судьясын сайлау және қызметінен босату Жоғарғы Соттың Төрағасын, Алқалар төрағасын, олардың антын қабылдау; Республика Президентінің Республиканың Бас Прокуратурасы және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру және ҚР Конституциясының 55-бабында көзделген басқа да мәселелер жатады.

Мәжіліс – Парламенттің төменгі палатасы. Ол 77 депутаттан тұрады. 67 депутат Республиканың әкімшілік –аумақтық бөлінісі ескеріле отырып, құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тек бір мандатты аумақтық сайлау округі бооойынша сайланады. Он депутат бара –бар, өкілдік сайлау жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады. Мәжіліс депутаттарын сайлау жалпыға бірдей тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Республиканың жасы 25-ке толған азаматы 5жыл өкілеттік мерзімге мәжіліс депутаттары бола алады.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық негіздері

1. Конституция Қазақстан Республикасының Ата Заңы.
2. Қазақстан демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.

1. «Конституция» деген сөзді латыннан аударса «құрылғы», «жарғы», «заң», деген мағыналарды білдіреді. Ең бірінші, Конституция дүние жүзінде 1787 жылы қабылданып, осы күнге дейін қолданылып келе жатқан АҚШ-тың Конституциясы болып табылады. Еуропада бірінші конституциялар 1791 жылы Франция мен Польшада қабылданған.

Конституцияны басқа құқықтық нормативтік кесімдерімен мынадай ерекшеліктері бар екенін айта кету керек:

- қоғамдық қатынастардың негізін қалайды;
- құқықтың негізгі бастауы болып табылады;
- ең жоғарғы заңдылық күші бар;
- оның ерекше тәртіппен қабылдануы;
- тұрақтылығы.

ҚР-сы құрылған кезден бастап бірталай құқықтық актілер қабылданып, жаңа мемлекеттің заңды негізін қалай бастады. Оларға жататындар:

1. Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы;
2. ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы;
3. 1993 жылы және 1995 жылғы ҚР-ның Конституциясы.

Аталған конституциялық кесімдер Қазақстанның Тәуелсіздігін, дербестігін жариялап, демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың негізін қалады.

Қазіргі уақытта негізгі құқықтық құжаттар – ҚР-ның 1995 жылы 30 тамызда өткен республикалық референдумда қабылданған Конституциясы. Ол тәуелсіздік кезіндегі Конституциялық заңның қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтіріледі.

Бұрынғы Конституциялар социалистік мемлекеттің негізгі заңдары деп саналады, жаңа Конституция демократиялық мемлекеттің Ата Заңы деп жарияланды.

«Біз, ортақ тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы Қазақ жерінде мемлекеттік, өзіміздің еркіндік, теңдік және татулық мұрағатына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастыққа лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқықтарымзды, негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз», - делінген. Оның жоғары заңдық күші бар және елдегі барлық іс-қимылмен қалыптастырушы жүйенің нормативті базасы болып табылады. Конституция – мемлекетке қоғамның құқықтық сенімі және халықтың берген төлқұжаты деуге болады

Қазақстан Республикасының Конституциясы республикалық құрылыстың негізін, мемлекеттік билік жүйесін және Қазақстан мемлекеті мен азаматтарының қатынастарын белгілейді. Адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын Конституция мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп танып, мемлекеттің сол үшін қамтамасыз етуі тиістігін айқындап көрсетеді.

Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, оның болашаққа бағытын ұйымдастыру мен қызметі принциптерін белгілейді. Онда адамнан азаматтың, мемлекеттің қайнар көзі және әлеуметтік негізі ретінде бүкілхалықтың, Конституциясының мәртебесі бекітіледі. Конституция тек Конституциялық

құқықтың ғана емес, сондай-ақ ұлттық құқықтың барлық салаларында қайнар көзі болып саналады. Сондықтан оған басқа нормативтік құқықтық актілерде негізделген сипаттамалар тән.

2. Конституция Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады.

Демократиялық мемлекет – Қазақстан, ең алдымен, Конституция қабылдап, тікелей мемлекет басшысын және Парламент сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң, оларды ауыстыруға халықтың құрылтайшылық билігі бар ел. Сонымен қатар, демократиялық мемлекет ретінде Қазақстан әлеуметтік және ұлттық нысандарына, тағы басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндіктер береді.

Зайырлы мемлекет– Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстаудың мемлекеттен бөлектігін білдіреді және бұл жағдай Қазақстандағы ислам мен православиелік, тағы да басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Мемлекет органдары қағидалық заң негізінде емес, Конституция негізінде құрылып, жұмыс істейді. Сонымен бірге, әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Наным немесе атеизм мәселесі адамның жеке басының шаруасы болуы тиіс.

Құқықтық мемлекет – жеке адам мен қоғам мүддесін қорғайтыны, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделіп құрылған мемлекет. Ол принциптер: заңның үстемдік етуі; мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлінуі; адам мен азамат құқығы мен бостандығына халықаралық өлшем деңгейінде кепілдік берілуі; тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығының болуы, т.б.

Әлеуметтік мемлекет – жекеленген топтарға немесе ұлыстарға емес қоғам мен адамға тұтас қызмет ететін мемлекет. Ол мемлекеттік қаржы көздері есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше бірдей мөлшерде игіліктер көрсетіп, қоғамдағы ауыртпалықтарды да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетуге әрекет етеді.

Қазақстан өз мемлекетінің әлеуметтік сипатын Конституциясында кепілдік берілген білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік жұмысбастылық, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және табыстары төмен тұратындар тобын қолдау сияқты әлеуметтік игілік істер арқылы анықтаған.

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары жүйесі
2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті атқарушы органдар.

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару. Жергілікті мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзіретін, қызметінің ұйымдарын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілеген нормативтік құқықтық актілердің іргесін қалайтын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Оның бөліміне қарасты 85-бабында: Жалпы мемлекеттік басқаруды тиісті аумағындағы істің жай – күйіне жауапты жергілікті өкілдікті және атқарушы организмдер жүзеге асырады. Нормативтік құқықтың актінің бірі – 2001 жылы 23 қаңтардағы « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы » еліміздің заңы. Ол 4 тарау, 41 баптан тұрады.

I. «Жалпы ережелер»;

II. « Мәслихаттарды құру, олардың құзіреті және қызметін ұйымдастыру»;

III. « Әкімдер және әкімияттар құрылуы, құзіреті және қызметінің ұйымдастыруын»;

IV. « Қорытынды және өтпелі ережелер».

1998 жылы 20 мамырдағы «Қазақстан Республикасының астана мәртебесі», 1998 жылы 1 шілде «Алматы» қаласының айрықша мәртебесін мемлекеттік қызмет, сайлау т.б. туралы Заңдарда қатыстығы бар.

Жергілікті мемлекеттік басқару дегеніміз бұл Заң актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекетті саясатты жүргізу оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумағындағы істің жай – күйіне жауапты болып табылатын қызмет.

Жергілікті басқару мемлекеттік жүйеде әкімшілік – аумақтық бөлінісін әрқилылығы көрініс тапты, оның қызметінің экономикалық және қаржылық негіздерін , жергілікті коммуникациялық заңды тұлғаға бекітілген мүлік, сондай – ақ заңға сәйкес коммуникациялық меншігі өзге де мүлік құрайды.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді органдардың жалпы сипаттамасы.

Жергілікті өкілдік орган (мәслихат) – бұл облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайланған, халықтың еркін білдіріп және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгіленген және жүзеге асыратын бақылаушы сайланбалы орган.

Мәслихат өзінің қызметтік сипат жағынан жергілікті тұрғындарының мұң-мұқтажына байланысты көптеген мәселелерді шешуге бел байлайтын халықтың кең тараған өкілді органы. Мәслихаттар күнделікті қызметінде шаруашылық, тұрмыстық, мәдени, қоғамдық тәртіпті, заңдылықты, азаматтардың заңды құқықтарын қорғау, еліміздің қауіпсіздігін күшейту мәселелерін айқындайды.

Мәслихат аппараты дегеніміз, бұл тиісті мәслихаттың, оның органдарын депутаттардың қызметін қамтамасыз ететін, әрі жергілікті бюджет есебінен ұстанатын мемлекеттік мекеме.

1. Мәслихаттың ең басты ерекшелігінің бірі – тиісті әкімшілік – аумақтық бөліністердің жергілікті тұрғылықты азаматтарын тек мәслихат депутаттарының сайланып қойылмайтындығы.
2. Мәслихаттың тағы да бір ерекшелігі, оның құзыретіне байланысты. Қазақстан Республикадағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Заңының 6-бабында мәслихаттың құзыреті (шешімдері мен мәселелері) тізбегін, оларды былай топтастыруға болады:
 - негізгі өкілеттілікті анықтайтын жалпы мәселелер;
 - мәслихаттардың айрықша өкілдігі.

Мәселелер, ҚР-ның Жер туралы заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады және де азаматтар мен ұйымның Қазақстан Республикасы Конституциясының, Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентік Үкіметі актінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актінің нормаларын орындауына жәрдемдесу, сондай-ақ өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады. Мәслихаттың қарауына жатқызылатын мәселелер дегеніміз, заңдарында белгілі бір нысанда белгіленген, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу.

3. Мәслихаттың өз өкілеттілігін ойдағыдай атқаруы оның жұмысының дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Жергілікті өкілді органның қызметінің негізгі нысандары болып: мәслихат сессиясының қызметі; мәслихаттың тұрақты комиссиясының қызметі; депутаттық топтардың қызметі; сайлау округіндегі депутаттар қызметі танылады.

Мәслихат сессиясы – оның ұйымдық – құқықтық қызметінің ең басты және негізгі нысаны. Сессияда мәслихаттың айырықша құзіретіне қатысып және жергілікті шаруашылық, әлеуметтік – мәдени т.б. маңызды мәселелер қаралып шешіледі. Сессия жалпы отырыс нысанында өткізіледі.

Мәслихаттың сессиялық төрағасы деп – мәслихат депутаттарының арасынан сайланып, оның сессияда ұйымдық – билік қызметін жүзеге асыратын, мәслихаттың лауазымды адамы.

Тұрақты комиссияның басты қызметтерін өкілеттіктеріне жататындар: сессияның күн тәртібі бойынша, сонда - ақ онда қаралған кез - келген мәселе бойынша мәслихатқа, оның төрағасына, хатшысына ұсыныс енгізу; әр сессияның қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар беру; оған негізгі баяндалған қосымша баяндамалар ұсыну; сессияда жергілікті органдар басшысының есептік тыңдау туралы мәслихатқа ұсыныс енгізу; комиссияның жұмысына өз депутаттарымен қатар мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін – өзі басқару органдары өкілдік және азаматтарды тарту қарастырылады.

2. Жергілікті атқарушы орган (әкімият) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзіретінде шегінуге тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруды алқалы атқарушы орган.

Әкім – Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметтің тиісті аумағындағы жергілікті атқарушы органы басқарылатын және өзіне сеніп тапсырылатын аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізген бүкіл орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің келісімді жұмыс істеуін тиісті бюджеттен қаржымен атқарушы органдардың қызметіне басшылықты қамтамасыз етумен және өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік басқару өкілеттілігі берген , тиісті аумағы ісінің жай-күйіне әрі оның әлеуметтік экономикалық дамуына жауапты өкілі.

Әкімнің аппараты – бұл жергілікті атқарушы органның және әкімнің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Актілер – біріншіден, әкімияттың Конституцияға , заңға, ҚР Президентін Үкіметтің актілеріне өзге де нормативтік құқытық актілерге сай және оларды орындау орайында шығарылған қаулылары. Екіншіден, бұл әкімнің нормативтік – құқықтық актілерге сай және оларды сатып алу, сипаттағы шешімі және әкімшілік – басқарушылық, жедел және дербес сипаттағы маңызды мәселелер бойынша шығарылған өкімділігі.

Үкімет – Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын орган. Оның құқықтық мәртебесінің негіздері Конституцияның V-бөлімінде бекітілген.

Үкіметтің құзіреті, ұйымдастыруы мен қызмет атқаруының тәртібі Президенттің «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы 1995 жылы 18 желтоқсандағы Конституциялық заң күші бар Жарлығымен және осыған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1999 жылы 6 мамырдағы Конституциялық

заңмен» белгіленген.

Үкімет Республика Конституциясының, аталған Жарлық пен Конституциялық заңның, Республиканың өзге де заңнамаларының негізінде және оларды орындау үшін қызмет атқарады.

Үкіметті Президент Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

Республиканың Премьер – министрі өзі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

Үкімет – алқалы орган. Оның құрамына Үкімет мүшелері – Премьер – министр, оның орынбасарлары, министрлер және республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді.

Үкіметтің негізгі конституциялық өкілеттіктеріне:

1. Мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;
2. Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсыну, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етуін;
3. Мәжіліске заң жобаларын енгізу және заңдардың орындалуын қамтамасыз ету;
4. Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастыру;
5. Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлеу;
6. Министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасау;
7. Республиканың министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолдануын толық не бір бөлігінде жою немесе тоқтата тұру;
8. Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындап, қызметтен босату;
9. Конституцияның, заңдар мен және Президент актілерімен өзіне жүктелген өзге де қызметтерді орындау жатады.

Үкімет өзінің бүкіл өызметінде Конституцияда және жоғары да аталған Үкімет туралы Конституциялық заңда белгіленген нысандарда Президент алдында жауапты. Ал, Үкімет мүшелері өз құзіретінің шегінде өз бетінше шешім қабылдайды, Премьер – министрдің алдында өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы немесе өздеріне тапсырылған жұмыс аясы үшін дербес жауап береді.

Үкіметтің өз өкілеттіліктерін жүзеге асыратын құқықтық нысандарына Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Үкіметтің қаулылары мен Премьер – министрдің өкімдері жатады. Бұл қаулылар мен өкімдер Конституцияға, заңдарға, Президенттің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

Үкімет Президенттің өкілеттік мерзімі біткенше өызмет атқарады. Бұдан кейін ол жаңадан сайланған және қызметке ресми кіріске Президентке Үкімет мүшелері қол қойған жазбаша өтініш беру арқылы өз өкілеттігін доғ Министрліктердің және өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары болып табылатын Үкімет мүшелері:

1. тиісті мемлекеттік органдарға басшылықты жүзеге асырады;

2. өз құзіреті шегінде шешімдер қабылдауға дербес болады;
 3. Премьер – министрдің алдында өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін дербес жауап береді;
 4. тиісті мемлекеттік органдардың қарауындағы мемлекеттік басқару саласындағы істің жайына және заңдардың, Президент пен Үкімет актілерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жауап береді;
- Үкіметтік бақылау

Үкімет ҚР-ң атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Мемлекетті басқаруда заңдарды сақтауды бақылауды Үкімет өз аппараты, орталық және жергілікті атқарушы билік органдары арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің мәні мен заңнамалық негіздері

1. Мемлекеттік қызмет - әлеуметтік-құқықтық институт және қызмет аясы ретінде.
2. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі.
3. Мемлекеттік қызмет лауазымдарын жасақтау.

1. Қоғамда мемлекеттік қызмет ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік қызмет - мемлекет қызметінің бір қыры. Ол келесі *міндеттерді* шешуге арналған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының негізінде мемлекет пен мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру;
- олардың құзыреттеріне сай мемлекеттік органдардың тиімді әрекет етуі үшін жағдай жасау;
- басқарушылық қызметті ұйымдастыруды жетілдіру;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету.

Оларды жүзеге асыруды іс жүзінде мемлекеттік аппарат - мемлекеттің билігі мен қызметі жүзеге асатын органдар жүйесі қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет мемлекет пен қоғамның өзекті мәселелерін шешуді қамтамасыз етуге арналған белгілі институттардан (мақсаттар, қызметтер, құрылымдар мен рәсімдерден) тұрады. Мұндай институттар ішінен мыналарды атауға болады:

- мемлекеттік аппараттың адамдардың өмірімен шынайы өзара байланысын, оны түсінуді, қоғамдық пікірдегі құрмет пен беделді қолдайтын қоғамдық-саяси және мемлекеттік-құқықтық алғы-шарттар қалыптастыру;
- мемлекеттік лауазымдарға біліктілік талаптарын, оларды алмастыру және атқару тәртібін, оны бақылау нысандары мен механизмдерін анықтау, мемлекеттік лауазымдар тізілімін құру және оның іс жүзінде іске асуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік аппаратты ұстауға қаржылай және өзге материалдық шығындарды негіздеу; мемлекеттік лауазымдардың жекелеген түрлері бойынша шығындарды жіктеу; мемлекеттік аппаратта шығындардың ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;
- жалпы мәдени, кәсіби және жеке қасиеттерді объективті бағалау негізінде мемлекеттік қызмет үшін адамдарды табу мен іріктеу шарттарын құру; мемлекеттік қызметті өткеру (ауыстыру, жылжыту, аттестациялау, ынталандыру, жауапкершілік және т.б.) тәртібін орнату, мемлекеттік қызметшілерді статистикалық есепке алу;

- мемлекеттік органдардың ұжымдарында заңды түрде суреттелген мемлекеттік лауазымдарды атқаруды кепілдендіріп, мемлекеттік қызметшілердің шығармашылық өсуге жәрдемдесіп, ұтымды қызметтік қатынастарға жағдай жасайтындай іскерлік және әлеуметтік-психологиялық микроклиматты қолдау;
- мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру; оқыту бағдарламаларының өзектілігін талдау және түлектердің сапасын бағалау; оқу орындары мен мемлекеттік органдар арасындағы әрекеттестікті қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңына сай **мемлекеттік қызмет** – бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерін атқару жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік қызмет заңда бекітілген белгілі **қағидаларға** негізделеді.

Заңдылық қағидасы мемлекеттің барлық органдарының, мемлекеттік қызметшілерінің, лауазымды және өзге де тұлғаларының заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерді бұлжытпай орындауы ретінде қарастырылады.

Қазақстандық патриотизм қағидасы мемлекеттік қызметшінің өз Отанын, халқын сүйетіндігін, оларға деген терең сезімін, берілгендігін, Республиканың тәуелсіздігін нығайтуға, онда өркениетті демократиялық қоғам құруға, елдің экономикасы мен мәдениетін дамытуға бар білімі мен күш-жігерін аянбай жұмсайтындығын білдіреді.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетіндігіне қарамастан *мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы* қағидасы Конституция мен заңдардың негізінде жүзеге асатын мемлекеттік биліктің бірыңғай көзімен анықталады.

Мемлекет мүдделері алдындағы азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің басымдығы қағидасы. Өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялай отырып, Қазақстан Республикасы азаматтық мәртебесіне басымдылық береді, себебі мұндай мемлекеттің ең негізгі құндылығы адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік қызметшілер, лауазымды адамдар азамат мүдделерінің сақшысы болып, олардың субъективтік құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндетті.

Жалпыға қол жетерлік қағидасы республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жетуі және өз қабілеті мен кәсіби дайындығына сай мемлекеттік қызмет бойынша жылжуы үшін тең құқықтық мүмкіндіктерге кепілдік береді.

Азаматтардың мемлекеттік қызметке өз еркімен орналасуы қағидасы өз таңдауын және өзінің кәсіби тәжірибесі мен білімін мемлекеттік басқару үрісінде жүзеге асыруға мүмкіндік берумен байланысты.

Кәсібилігі мен құзырлығы қағидасына сай өз қызметін тиісті түрде орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметшінің арнайы білімі, тәжірибесі мен еңбек дағдысы болуы қажет.

2. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесін белгілеген кезде мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымдарының құқықтық мағынасы мен топтастырылуын дұрыс түсінудің ерекше маңызы бар.

Жұмысшы, шаруа (фермер), кәсіпкерлерге қарағанда қызметшілер – бұл лауазымға ие тұлғалар. *Лауазым* астарында оған орналасқан тұлғаның ролі мен өкілеттіктерін сипаттайтын басқару құрылымындағы бастапқы ұйымдық бірлік

ұсынылады. Қызметшілер түрлі мемлекеттік және жеке органдарда, мекемелерде, қоғамдық ұйымдарда жұмыс істейді.

Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің қызметін жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдардағы ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді атқаратын адам.

Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру үшін мемлекеттік қызметші қызметінің мазмұнын, оның құқықтары мен міндеттерін анықтайтын қызмет лауазымдары белгіленеді.

Мемлекеттік лауазым – бұл нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген мемлекеттік органның құрылымдық бірлігі.

Мемлекеттік лауазым ұғымы тек «мемлекеттік қызмет» түсінігін анықтау үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайын, мемлекеттік қызметті өткерудің тәртібін (лауазымға орналасудың тәсілін, біліктілік дәрежесінің деңгейін, мемлекеттік қызметті тоқтатудың негіздерін және т.б.) анықтау үшін өзекті, негізге алынатын ұғым болып табылады.

Заң бойынша мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқарып, мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы **мемлекеттік қызметші** болып табылады.

Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар мемлекеттік қызметші болып табылмайды.

Мемлекеттік органдардың өкілеттіктері қоғам өмірінің барлық үрістерінде мемлекеттік қызметшілер арқылы іске асырылады. Бірақ мемлекеттік қызметшілердің құрамы бірыңғай емес, олардың мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін іске асыру жөніндегі атқаратын қызметтері әр түрлі және олар біріне-бірі ұқсас емес жағдайларда жұмыс істейді. Сол себепті мемлекеттік қызмет туралы заңдылық мемлекеттік қызметшілерді екі санатқа бөледі:

- 1) саяси лауазымдағы мемлекеттік қызметшілер;
- 2) әкімшілік лауазымдағы мемлекеттік қызметшілер.

Құқықтық мәртебесі бойынша саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер тең емес. *Саяси мемлекеттік қызметшілерге* мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, олардың орынбасарлары;
- Парламент Палаталары мен Парламент Палаталарының Тұлағалары тағайындайтын және сайлайтын, олардың орынбасарлары;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының басшысы, оның орынбасарлары;
- Президент пен үкіметтің өкілдері болып табылатын;
- орталық атқарушы органдар мен ведомстволардың басшылары, олардың орынбасарлары.

Саяси лауазымдарға Президент белгілейтін өзге де лауазымдар жатқызылуы мүмкін. Саяси мемлекеттік қызметшілер үшін лауазым санаттары белгіленбейді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер саяси қызметшілердің құрамына кірмейді әрі лауазымдық өкілеттіктерін кәсіби негізде мемлекеттік органда жүзеге асырады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін санаттар белгіленеді. Мемлекеттік әкімшілік лауазым санаты - мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын, лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар А, В, С, Д, Е санат топтарына бөлінген.

А - тобына - Президент әкімшілігі; В - Парламент Палаталарының аппараттары, Премьер-Министрдің Кеңесі, Жоғарғы Соттық аппараты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы; С - Президентке тікелей бағынышты және есепті органдар, Орталық атқарушы органдар, үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар, орталық атқарушы органдардың ведомстволары, облыстың, аудандық аумақтық органдар; Д - облыстар, аудандар, кенттер, ауылдар (селолар) әкімдіктерінің аппараттары, облыстар, аудандар мәслихаттарының аппараттары, облыстар, аудандар соттарының аппараттары; Е - жергілікті атқарушы органдар жатады.

Әрбір санат тобының лауазымдары бірнеше сандық бөліктер бойынша бөлінеді.

Егер Заңда өзге жағдай ескерілмесе, әкімшілік мемлекеттік қызметке орналасу мен қызмет бойынша жылжу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Заң әлеуметтік, ұлттық, мүліктік белгілер бойынша тура немесе жанама шектеу қоймаса да, рәсімдік сипаттағы міндетті талаптар бар:

- бір лауазым санаттары ішіндегі әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасу, егер аталмыш (ауыстыру негізінде лауазымға орналасушы) қызметші қойылатын талаптарға сай келсе, конкурстық іріктеусіз-ақ жүзеге асырылуы мүмкін;
- конкурстық іріктеусіз әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасу тұрақты негізде жұмыс істеп, өз өкілеттіктерін тоқтатқан саяси мемлекеттік қызметшілерге, Парламент депутаттарына, мәслихат депутаттарына рұқсат етіледі.

3. Мемлекеттік қызмет кәсіби қызмет болғандықтан, онда қызмет ететін азаматтар кәсіби дайындалған болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің білім деңгейі, біліктілігі мемлекеттік басқару аппаратындағы нақты лауазымның талаптарына сай болуы керек.

Кадрларды дайындау - бұл жауапты басқарушылық лауазымдарда жұмыс істеу үшін арнайы үйрету, біліктілік деңгейін арттыру, кадр резервін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Нақ осы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қарауына мына істер жатады:

- 1) мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жасау мен жүзеге асыру;
- 2) мемлекеттік қызмет үрісіндегі нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 3) мемлекеттік қызметшілерге қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын бекіту;
- 4) мемлекеттік қызмет қызметшілері бойынша мәліметтер базасын жүргізу және кадрлық резервті қалыптастыру;
- 5) мемлекеттік қызметшілерді дайындау, қайта дайындау мен біліктілігін арттыру сұрақтары бойынша мемлекеттік органдармен әрекеттестікті үйлестіру және мемлекеттік қызмет үрісіндегі өзге де сұрақтарды шешу.

Мемлекеттік қызмет жөніндегі заңдылықта мемлекеттік қызметшілерге қойылатын **талаптар** үшке бөлінген:

- 1) жалпы;
- 2) болғызбағыш;
- 3) шектегіш.

Мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеген кезде келесі белгілер **жалпы** талаптарға жатады:

- мемлекеттік қызметке орналасушы тұлғаның азаматтығы болуы тиіс;
- егер заңда өзге жағдай ескерілмесе, мемлекеттік қызметке орналасушы тұлғаның жасы 18-ден төмен болмауы тиіс;
- мемлекеттік қызметке орналасушы тұлға біліктілік талаптарға сай болуы тиіс;
- мемлекеттік қызметке орналасар кезде азамат салық салу объектісі болып табылатын, оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлкі мен алынған табыстары туралы мәліметтерді салық органдарына ұсынуы тиіс.

Жалпы талаптардан басқа заңда **болғызбағыш**, яғни мемлекеттік қызметші мәртебесімен үйлеспейтін, ережелер де орнатылған. Басқаша айтқанда, мемлекеттік қызметке мынадай тұлғалар қабылданбауы тиіс:

- әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе әрекет қабілеттілігі шектелген (аталмыш шара сарапшы-дәрігерлердің қорытындысы негізінде сотпен анықталады);
- белгілікті мерзім ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құзырынан сот айырған;
- лауазымдық өкілеттікті атқаруға кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсеткіші бар;
- заңмен көзделген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;
- мемлекеттік қызметке орналасарға дейінгі 2 жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған;
- мемлекеттік қызметке орналасарға дейінгі 1 жыл ішінде соттық тәртіппен әкімшілік жазаға ұшыраған;
- мемлекеттік қызметке орналасарға дейінгі 3 жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттық тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылған;
- заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген (немесе кешірілмеген) сотталғандығы бар.

Мемлекеттік қызметшілерді **жасақтаудың** заңда 4 ұйымдық-құқықтық тәсілі белгіленген:

- 1) конкурс;
- 2) тағайындау;
- 3) есепке алу;
- 4) сайлау.

Әрбір тәсілдің өз рәсімі бар, алайда әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді қабылдаған кезде **конкурстық іріктеуге** басымдылық беріледі әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасу үшін конкурсты өткізудің шарты мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Конкурс бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы бар мемлекеттік орган немесе SP Президентінің шешімі бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган конкурс өткізу туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялағаннан кейін өткізеді. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган конкурс комиссиясын құрады. Бұл комиссиясың сәйкес шешімі

әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасу немесе орналаспауы үшін негіз болып табылады. Басқаша айтқанда, конкурс комиссиясының өз қорытындысын алған конкурсқа қатысушылар ғана әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасу құқығына ие болады.

Тағайындау саяси мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметке орналасу тәсілдерінің бірі болып табылады. Саяси мемлекеттік қызметшілер лауазымының тізімі Қазақстан Республикасының Президентімен бекітіледі.

Есепке алу мемлекеттік қызметке адамдарды алған кездегі жасақтау тәсілдерінің бірі әрі көбіне мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін қалыптастыру үшін қолданылады. Конкурс комиссиясының оң қорытындысын ала алмаған, бірақ мемлекеттік қызмет үшін ұсынылған, конкурсқа қатысушылар кадрлық резервке алынады.

Сайлау – мемлекеттің, белгілі халық санының немесе қандай да бір органның тапсырысы бойынша құзыретті жүзеге асыру үшін нақты тұлғаны ұсыну және сайлау. Қазақстан Республикасының заңдылығына сай Президент пен барлық деңгейдегі депутаттар сайлануға жатады.

ГЛОССАРИЙ

Әкімшілік рента – субъектінің өзінің мерархиялық беделін (статус) пайдаланып пайда табуы.

Басқару дегеніміз - елеуметтік реттеудің жүйесіне мақсаттылықпен ықпал ету процесі, соның нәтижесінде қойылған мақсаттарға сәйкес оның реттелінуіне, дамуына қол жеткізіледі.

Басқару қызметінің едістері - басқару жағдайларын талдау, бағалау амалдары мен тәсілдері, басқарылатын қоғамдық объектілерде адамдардың саналары мен мінез-құлықтарына әсер ету, құқықтық және ұйымдастырушылық нысандарды пайдалану.

Басқару циклі - өзара байланысты, қисынды келісілген басқару сатыларының жиынтығы.

Бюрократия – кейбір ұйымдардағы атқарушы органдардың сол ұйымнан алшақтауы.

Мемлекеттік басқару - мемлекеттің адамдардың қоғамдық іс-әрекеттерін тәртіпке келтіру, сақтау немесе қайта құру мақсатында үзінің билік объектісіне сәйкес отырып, практикалық, ұйымдастырушылық және реттеушілік есері.

Мемлекеттік басқарудағы қызмет тәртібі - мемлекеттік қызмет бойынша міндеттер мен құқықтарды, функциялар мен өкілеттіктерін жауапкершілікпен және адалдықпен орындау.

Мемлекеттік биліктің түрлері-заң шығарушы, атқарушы, сот.

Мемлекеттік басқару қағидалары - объективтік, жариялылық, құқықтық реттілік, заңдылық, нақтылық, тиімділік.

Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу - адамдардың мінез – құлықтарының, іс-әрекеттерінің орындалуға міндетті ережелерін(нормаларын) дайындау жөніндегі мемлекет қызметі.

Мемлекеттік бақылау – бұл арнайы өкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен өзге де өкілетті субъектілердің объектінің жұмыс істеу

процесін оның берілген бағыттардан ауытқуын жою мақсаты үшін байқау мен тексеру жүргізу жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік орган - мемлекеттің бекіткен мақсаттары мен қызметтерін жүзеге асыру үшін мемлекет формалды түрде құрған биліктің біртұтас құрылымы.

Мемлекеттік қызмет - қызмет көрсету бойынша, мемлекеттік органдарда басқару процестерін қосымша қамтамасыз ету бойынша қызметтің ерекше түрі мен көлемі.

Мемлекеттік саясат- мемлекетпен және қолданылатын құралдарымен жүзеге асырылатын мақсаттар мен міндеттердің жиынтығы.

Мемлекеттік басқару субъектісі дегеніміз - мемлекеттік билік органдарының жүйесі.

Мемлекеттік қызметкер – заңмен белгіленген тәртіпте республикалық немесе жергілікті бюджеттен, Республиканың Ұлттық банкінен еңбек ақысы төленетін мемлекеттік орган қызметкері.

Мемлекеттік басқарудағы экономикалық әдістер - мемлекет тарапынан басқарылатын объект үшін тиімді, әрі мемлекеттің өзіне де тиімді жағдайлар жасау.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Мемлекеттің мәні мен нысандары.
2. Мемлекет дамуындағы әлеуметтік-экономикалық қорлары және негізгі құралдардың негіздеу мақсаттары.
3. Мемлекеттік басқарудың теориялық астары.
4. Мемлекеттің пайда болуы және оны ұйымдастыру қажеттілігі.
5. Мемлекеттің мәні және негізгі формалары.
6. Ел экономикасы мемлекеттік басқару объектісі.
7. Экономиканың дамуындағы мемлекеттің ролі және оның негізгі функциялары.
8. Қазақстандағы басқарушылық қызметінің құрылымы.
9. Мемлекеттік басқарудың әдістемелік негіздері.
10. Азаматтық қоғамдағы мемлекеттік қоғам.
11. Мемлекет басқару жүйесі және оның негізгі элементтері.
12. Мемлекеттік орган мемлекеттік механизм негізгі элементі ретінде.
13. Мемлекеттік басқару принциптері және оның тиімділігі.
14. Мемлекетті Президенттік формалы басқарудың ерекшелігі.
15. Азаматтық қоғамдағы мемлекеттік саясат.
16. Мемлекеттік орган мемлекеттік басқарудың субъектісі ретінде.
17. Экономикалық білім мен саяси жүйеде мемлекеттік биліктің негізгі факторы.
18. Қазақстандағы экономикалық қылмыспен күрес бойынша мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселесі.
19. Мемлекеттік экономиканың дамуының ролі мен негізгі функциялары.
20. Мемлекеттің Парламенттік басқару формасы.
21. Мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік.
22. ҚР «Мемлекеттік қызметтің» мәні мен заңнамалық негіздері.
23. Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.
24. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері.
25. Мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары.
26. Мемлекеттік басқарудың ақпараттық жүйесі және оны жетілдіру қажеттілігі.

27. Қазақстан Республикасының Үкіметі және оның құзыры.
28. Елдер экономикасы мемлекеттік басқарудың объектісі ретінде.
29. Мемлекеттік қызметті ұйымдастырудағы шетелдік тәжірибе.
30. Қазақстандағы басқару қызметтерінің құрылымы.
31. Елдегі мемлекеттік құрылымдар мен ұлттық процестердің өзара тәуекелдігі.
32. Басқару кадрларының қазіргі дамуының әлеуметтік-психологиялық жағдайы.
33. Бағалау мемлекеттік басқаруды жетілдіру көздері және тану нәтижелері.
34. Мемлекеттік басқаруды бағалау нысандары ретінде елдің азаматтарына көңіл бөлу.
35. Мемлекеттік басқарудың негізгі элементтері және жүйелері.
36. Мемлекеттік басқарудың әдістемелік негіздері.
37. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі динамика және тұрақтылық.
38. Мемлекеттік нысандар және әртүрлі жүйелер сипаттамасы.
39. Басқару іс-әрекеттерінің өнімділігін көтеру мәселелері.
40. Мемлекеттік құрудағы мемлекеттік басқару ерекшеліктері.

АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ҮШІН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мемлекеттік басқару дегеніміз:

- A) мемлекеттің адамдардың қоғамдық іс-әрекеттерін тәртіпке келтіру, сақтау немесе қайта құру мақсатында үзінін билік қолына ойынып отырып, практикалық, ұйымдастырушылық және реттеушілік есері
- B) мемлекеттің экономикалық саясатты жүзеге асыру және елдің маңызды әлеуметтік шаруашылық мақсаттарына жету жолындағы қызметі
- C) макроэкономикалық тепе-теңдікке есер ету үшін шаруашылықты жүзеге асыру субъектілеріне нысаналы және дейекті ықпал ету
- D) шаруашылықты жүзеге асыру субъектілердің әлеуметтік экономикалық қызметтеріне есер етуде қаржы элементтері қолданылатын қорғалып және қысқартылу процесі
- E) мемлекеттік басқару органдарының өкілдік-аумақтық бірлігінің іс-әрекетіне ықпал етуі

2. Мемлекеттік басқарудың үзіне ғана тең ерекшеліктерін қызықтырыңыз:

- A) оның басқарушылық есерінің мемлекеттік билікке ойынуы және сол арқылы қамтамасыз етілуі, барлық қоғамға таралуы, қызықтылығы
- B) саяси режим
- C) билік қолы, адамға өкілдік қызықтыру
- D) әлеуметтік және басқа қызметтер қызықтыру, қоғам үзінін ер тең салаларында ұйымдастырушылық функцияларды орындау
- E) теуелсіздік, мемлекеттік меншік негізінде экономикалық қызметтерді жүзеге асыру

3. Мемлекет тағайындаған немесе бекіткен адамдар ерекеті нормаларының (ережелерінің) негізгі элементтері:

- A) гипотеза, диспозиция, санкция
- B) тыйым салу, мүмкіндік беру, межелер ету
- C) гипотеза, болжау, жоспар
- D) едістер, логика, қызықтыдалар
- E) ретроспекция, диагноз, проспекция

4. Мемлекеттік басқару субъектілері қандай белгілер бойынша бiлiнедi?

- A) барлық жауаптары дұрыс
- B) мемлекеттік билік тәуелсіздігі бойынша
- C) билік пен басқаруды ұйымдастыру деңгейіне қарай
- D) қызмет саласына қарай, құрамына қарай
- E) басқару субъектісіне есер ету сипаты мен мақсаты, құрамына қарай

5. Құқықтық реттеу едістеріне тиімдегілердің қайсысы жатады?

- A) орталықтандырылған, императивті реттеу – субординация едісі, орталықсыздандырылған, диспозитивті реттеу – үйлестіру едісі
- B) моральдық-этикалық, елеуметтік-саяси, экономикалық, екімшілік
- C) баланстық, нормативтік, бағдарламалық-мақсаттық едіс
- D) мемлекеттік билік пен жергілікті басқару органдарының қызмет ету едістері мен мемлекеттік басқарудың мақсаттары мен функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету едістері
- E) жеңілдік ету, рұқсат беру, тыйым салу, міндет жүзектеу

6. Мемлекеттік билікке қатысты және басқару функциясын жүзеге асыру сипатына қарай мемлекеттік басқару субъектісі қалай бiлiнедi?

- A) саясат субъектісі, мемлекеттік басқару субъектісі; лауазымды қызмет субъектісі
- B) азаматтық құқықтық қатынас субъектісі, авторлық құқық субъектісі
- C) екімшілік-құқықтық қатынастар субъектісі, саясат субъектісі
- D) лауазымды қызмет субъектісі
- E) авторлық құқық субъектісі, екімшілік-құқықтық қатынастар субъектісі

7. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеудің құрылымы:

- A) заңдық реттеу, нормативтік айқындау, ішкі жүзіе ішіндегі нормативтік реттеу, ұзін-ұзі басқару арқылы реттеу, құқық қорғау арқылы реттеу
- B) қаржылық реттеу, мемлекеттік кесіпкерлік, елеуметтік реттеу
- C) екімшілік реттеу, нарықтық реттеу, нормативтік реттеу
- D) бiлiмшелер жиынтығын, оның ішінде қызметтерді, функциялар мен үкілеттіктерді бiлу үлгісін
- E) инвестициялық реттеу, кредиттік реттеу, амортизациялық реттеу

8. Заңдылықтың маңызды белгілерін атаңыз?

- A) бірыңғайлық, жаппай қамту, тұрақтылық, кепілдік беру
- B) жүзіелілік, тұымдылық, тиімділік
- C) тұрақтылық, берін қамтушылық
- D) сыртқы ортада болып жатқан үзгерістерге икемді бейімделу
- E) нормативтілік, мемлекетпен қамтамасыз етілуі, анықтылық

9. Мемлекеттік басқаруда заңдылықты қамтамасыз ету құралдарына бақылау механизмдері жатады. Олар:

- A) сыртқы бақылау, жалпы бақылау, мамандандырылған сыртқы бақылау, ішкі бақылау
- B) кедендік бақылау, радиациялық бақылау, экологиялық бақылау
- C) радиациялық бақылау, ішкі бақылау, жол қозғалысын бақылау
- D) санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, жалпы бақылау
- E) экспорттық бақылау, импорттық бақылау, сауда бақылауы

10. Федерация – бұл...

- A) мемлекеттік құрылым нысаны

- В) мемлекеттік басқару нысаны
- С) саяси режим нысаны
- Д) билік нысаны
- Е) егемендік нысаны

11. Қ±қықтық реттеудің негізгі нысандары:

- А) мемлекеттің Конституциясы, ер т%орлі қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар, нормативтік қ±қықтық актілер, Президенттің шығаратын т%орлі жарлықтары, үкімдері
- В) ҚР Ұкіметінің қаулылары, заңға теуелді қ±қықтық нормативтік актілер, ер т%орлі басқарушылық істерді ж%оргізу нормалары
- С) Жоғарғы сот актілері, жергілікті мемлекеттік басқару органдары шығаратын нормативтік актілер
- Д) органдар туралы ереже, жергілікті мзін-мзі басқару жарғысы, лауазымдық қызмет н±сқаулары
- Е) қоғамдық ±йымдардың жарғысы, мемлекеттік кесіпорындар мен мекемелердің жарғылары, қалалар мен аудандардың жарғылары

12. Қ±қықтық мемлекетте басқару ісіндегі заңдылықты қамтамасыз етуде маңызды рлді қай орган атқарады?

- А) сот билігі
- В) прокуратура
- С) жоғарғы сот
- Д) жергілікті мзін-мзі басқару органдары
- Е) атқарушы билік органдары

13. Төртін мемлекеттік басқарудың қандай негізгі құрсеткіштерін қалыптастырады?

- А) ж%ойелілік, тиімділік
- В) нысаналылық, оңтайлылық
- С) басымдылық, кешенділік, тиімділік
- Д) жоспарлылық, бара-барлық, ±тымдылық
- Е) ±тымдылық, оңтайлылық

14. Саяси лауазымдарға тмендегілердің қайсысы жатады?

- А) жауаптардың барлығы д±рыс
- В) ҚР Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары;
- С) ҚР Парламентінің палаталары және олардың тырағалары тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары
- Д) Конституцияға сейкес Президент пен Ұкіметтің үкілдері болып табылатын мемлекеттік қызметшілер
- Е) ҚР Жоғарғы Сотының қызметшілері, олардың орынбасарлары, орталық атқарушы органдар мен ведомстволарды басқаратын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары атқаратын лауазымдар

15. Басқару ақпараттарының негізгі қыздері:

- A) заң актілерінің нормалары, азаматтардың заңды м%одделерін, к±қықтары мен бостандықтарын орындау жңінде мемлекеттік органдар алдында мәселе қоюы, жоғары мемлекеттік органдардың н±сқаулары, бақылау барысында анықталатын фактілер, қарым-қатынастар; к%орделі мәселелер, қарама-қайшылықтар, тұтенше жағдайлар
- B) халықаралық ±йымдардың меліметтері, заңдар, мемлекеттік органдардың жарлықтары, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің баяндамалары
- C) статистикалық жылнамалар, халық санағының меліметтері, сот шешімдері
- D) заң актілерінің нормалары, к%орделі мәселелер, фактілер, қарым-қатынастар, ер т%орлі отырыстардың хаттамалары
- E) бухгалтерлік, қаржылық актілер, қызметкерлер хабарламасы

16. Саяси мемлекеттік қызметке қабылдауда қосымша талаптарды қандай лауазымды т±лға анықтайды?

- A) ҚР Президенті
- B) ҚР Премьер-министрі
- C) Мемлекеттік қызмет істері жңіндегі үкілетті органның басшысы
- D) ҚР Парламент палаталарының тұрағалары
- E) ҚР Конституциялық кеңесі

17. Мемлекеттік басқару қағидаларының ерекше белгілері:

- A) олардың диалектикалылығы, ж%ойелілігі, басқару субъектісінің біліміне, қабілетіне байланыстылығы, мзара байланыстылығы
- B) олардың диалектикалылығы, ж%ойелілігі
- C) басқару субъектісінің біліміне, қабілетіне байланыстылығы
- D) олардың мзара байланыстылығы
- E) объективті факторларға теуелділігі

18. Мемлекеттік басқару қағидаларын ж%ойелеу қалай бұлінеді?

- A) жалпы, жекелеген, ±йымдастырушылық-технологиялық
- B) жалпы мнділік, саяси, рухани
- C) ±йымдастырушылық, экономикалық
- D) жекелеген функционалдық, ±йымдастырушылық-саяси, жалпы
- E) ±йымдастырушылық к±қықтық, техникалық

19. К±рылымдық қағидалардың т%орлері?

- A) к±рылымдық-мақсаттық, к±рылымдық-функционалдық, к±рылымдық-±йымдастырушылық, к±рылымдық-процессуалдық
- B) к±рылымдық-саяси, к±рылымдық-бағдарламалық, к±рылымдық-технологиялық
- C) к±рылымдық-ресурстық, к±рылымдық-процессуалдық
- D) сызықтық функционалдық, аумақтық-салалық, к±рылымдық-технологиялық
- E) к±рылымдық-ресурстық, к±рылымдық-коммуникациялық

20. Мемлекеттік басқарудың қандай қағидасы бастапқы және барлық басқару процесінде объективті заңдылықтар мен қоғамдық к%оштердің нақты м%омкіншіліктерінің талаптарына сейкес келуді қажет етеді?

- A) объективтілік қағидасы

- В) жариялылық қағидасы
- С) мемлекеттік басқарудың кәсіптік реттілігінің қағидасы
- Д) мемлекеттік басқарудың заңдылық қағидасы
- Е) ашықтық қағидасы

21. Басқару қызметінің едістері дегеніміз?

- А) басқару жағдайларын талдау, бағалау амалдары мен тесілдері, басқарылатын қоғамдық өндістерде адамдардың саналары мен мінез-кәсіптіктеріне есер ету, кәсіптік және ұйымдастырушылық нысандарды пайдалану
- В) басқару өндісінде қолданылатын барлық едіс-тесілдер
- С) алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу кәсіптері
- Д) дербестік, заңды тәртіп, мемлекеттік мәліктік қатынастары негізінде реттелетін нормативтер жиынтығы
- Е) мемлекеттік органдар тарапынан адамдар қызметін ынталандыру, жандандыру тесілдері мен амалдары

22. Мемлекеттік басқарудың қандай едісіне тәрбие жұмыстары, басқарудың мақсаттары мен мазмұнын тәсілдіру жұмыстары, моральдік ынталандыру мен жаза қолдану шаралары жатады?

- А) моральдік-этикалық
- В) елеуметтік-саяси
- С) екімшілік
- Д) талдау едісі
- Е) экономикалық

23. Адамдардың тәртіп, еңбек жағдайларымен, оларға елеуметтік қызмет қирсетумен, қоғамдық және саяси белсенділігін дамытумен байланысты едіс-бәл.

- А) елеуметтік-саяси едіс
- В) эксперттік едіс
- С) экономикалық-математикалық едіс
- Д) моральдік-этикалық едіс
- Е) екімшілік едіс

24. Мемлекеттік басқару мақсаттарына қойылатын талаптар:

- А) барлық жауаптары дұрыс
- В) объективті негізделген болуы
- С) елеуметтік сипатта болуы
- Д) қажетті қорлармен қамтамасыз етілген болуы
- Е) жөйелі тәртіпте ұйымдастырылған болуы

25. Мемлекеттік басқару мақсаттарының орындалуы қандай ресурстармен қамтамасыз етілуге байланысты?

- А) табиғи, қаржы және адам ресурстарына теуелді, ұйткені бәл ресурстар шексіз емес, сондай-ақ басқару қызметінің кәсіптік, жариялылық, ұйымдастыру, білім сияқты маңызды ресурстарына
- В) табиғи, қаржы және адам ресурстарына теуелді, ұйткені бәл ресурстар шексіз емес
- С) басқару қызметінің кәсіптік, жариялылық, ұйымдастыру, білім сияқты маңызды ресурстарына
- Д) еңбек, қаржы ресурстарына

Е) қаржы, адам ресурстарына.

26. Басқару дегеніміз...

А) елеуметтік реттеудің жүйесіне мақсаттылықпен ықпал ету процесі, соның нәтижесінде қойылған мақсаттарға сәйкес оның реттелінуіне, дамуына қол жеткізіледі

В) кез келген ұжымдық экономикалық қызметтің міндетті функциясы

С) бұл адамдармен жасалған және икемделген қоғамдық қатынастар

Д) қоғамдық дамудың нақты қозғаушы күші

Е) адамдардың интеллектуалдық және тәжірибелік қызметтерінің ең қиын және жауапты саласы

27. Мемлекеттің басқарушылық қызметінің нысандары болып табылатындар

А) қатынастық, ұйымдастырушылық

В) жеке, жалпы

С) ұйымдастыру, реттеу

Д) ынталандыру, ықпал ету

Е) бақылау, бағалау

28. Мемлекеттік бақарудың белгілі бір түрінде ерекет жасауды міндеттейтін едісі.

А) екімшілік едіс

В) экономикалық едіс

С) моральдық едіс

Д) саяси едіс

Е) бақылау едісі

29. Мемлекеттік қызметке кіру кезінде қойылатын талаптар:

А) жауаптардың барлығы дұрыс

В) ҚР азаматы болуы тиіс

С) егер республиканың заңдарында тиісті лауазымдар жүйесінде мұндағы белгіленбесе, жасы 18 жастан кем болмауы тиіс

Д) қажетті білімі, кәсіби даярлық деңгейі болуы және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс

Е) мұзі тапқан табысы мен мұзіне меншік қатынасымен тиесілі, салық салу объектісі болып табылатын мүлік туралы мәліметтерді табыс етуі тиіс

30. Мемлекеттік құрылым нысаны:

А) біртұтастық, федеративтік, конфедерациялық

В) деспоттық, либералдық, демократиялық

С) президенттік, корольдік

Д) республика-автономия-округ-облыс

Е) жоғарғы, дербес, тәуелсіз

31. Қоғамдық өмірдің саласына байланысты атқаратын міндеттеріне қарай мемлекеттің қоғамдық функциялары қалай топтастырылады?

А) ішкі, сыртқы

В) саяси, әлеуметтік

С) халық пен кәсіпорындардың табыстарын реттеу

Д) әкімшілік және экономикалық

Е) құқықтық, экономикалық

32. Атқарушы биліктің деңгейлері.

- A) республикалық, жергілікті
- B) жоғарғы, төменгі
- C) көлденең, тік
- D) әкімшілік, маслихат
- E) министрлік, комитет

33. Мемлекеттік биліктің түрлері:

- A) заң шығарушы, атқарушы, сот
- B) мемлекеттік билік, саяси билік
- C) жариялы билік, саяси билік
- D) Парламент, Үкімет
- E) Сенат, Мәжіліс

34. Мемлекеттік орган дегеніміз -

- A) мемлекеттік биліктің дербес құрылымдық бірлігі
- B) мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы өкілеттілігі бар бірлігі
- C) атқарушы биліктің құрылымдық бірлігі
- D) мемлекеттегі барлық басқару органдары
- E) басқарушылық қызметпен айналысатын мекеме

35. Мемлекеттік қызметшілер жауаптылығының түрлері:

- A) тәртіптік, қылмыстық, әкімшілік, материалдық
- B) тәртіптік, әкімшілік, материалдық
- C) қылмыстық, әкімшілік, материалдық
- D) әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық
- E) материалдық, тәртіптік, қылмыстық

36. Мемлекеттік тәртіптің түрлері қалай жіктеледі?

- A) ұйымдастыру белгісі бойынша, функционалдық белгісі бойынша
- B) заңдылықты қамтамсыз ету сипаты бойынша, құқықтық қатынастар сипаты бойынша
- C) басқару қатынастары бойынша, әсер ету сипаты бойынша
- D) жауаптылық сипатына қарай, бақылану сипатына қарай
- E) қадағалау бойынша, бақылау бойынша

37. Басқару циклі дегеніміз не?

- A) өзара байланысты, қисынды келісілген басқару сатыларының жиынтығы
- B) басқарушылық қызмет түрлері
- C) басқару жүйесі
- D) басқару объектісі мен субъектісі арасындағы байланыстар
- E) басқару әдістерінің, қағидаларының жиынтығы

38. Басқару қызметінің әдістері:

- A) мемлекеттік билік органдарының қызмет ету әдістері, мемлекеттік басқарудың мақсаттары мен функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету әдістері
- B) мәжбүрлеу және көз жеткізу әдістері
- C) иерархиялық, сатылық, сызықтық және көлденең әдістер
- D) әкімшілік және экономикалық әдістер

Е) тікелей және жанама әдістер

39. Мемлекеттік басқару қағидалары:

- А) объективтік, жариялылық, құқықтық реттілік, заңдылық, нақтылық, тиімділік
- В) билік бөлінісі, мемлекеттік басқарудың ашықтығы
- С) келісім, өзара толықтылық, жалпы және жеке мүдделердің үйлесуі, бірізділік
- Д) мақсатқа бағытталғандық, жүйелілік
- Е) ғылыми негізділік, баламалылық

40. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу дегеніміз:

- А) адамдардың мінез – құлықтарының, іс-әрекеттерінің орындалуға міндетті ережелерін(нормаларын) дайындау жөніндегі мемлекет қызметі
- В) мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен олардың қызмет ету ережелерін тағайындауға байланысты мемлекет қызметі
- С) шешімдерді жүзеге асыру нәтижелерінің заңдар мен құқықтық актілер талаптарына сәйкес келуі
- Д) құқықтық актілерді әзірлеу, талқылау, қабылдау және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру
- Е) шаруашылық байланыстарды құқықтық реттеу жүйесі

41. Мемлекеттік басқарудағы заңдылық дегеніміз:

- А) басқару қатынастарының барлық субъектілерінің мемлекеттің аумағында қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді дәл, қатал және мүлтіксіз сақтауы мен орындауы
- В) баламалы шешімдерді қабылдауда тіркелетін стандартты шешім
- С) іс-әрекеттің көлемін, мазмұнын және қорларын сипаттайтын мемлекеттік органдағы заңдық белгілеу
- Д) мемлекеттік басқару мақсаттары, функциялары, құрылымдары мен қағидалары аспектілерін заңдық анықтау
- Е) мемлекеттік басқару үрдісінде заңдарды орындау

42. Білім және ғылым саласын басқару органдарының жүйесі.

- А) білім және ғылым министрлігі, жүйесінде оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар, білім департаменттері
- В) білім және ғылым министрлігі
- С) білім департаменттері
- Д) мемлекеттік білім беру мекемелері
- Е) білім саласында басқару қызметін тиімді жүргізуді жүзеге асыратын барлық органдар

43. Мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігінің көрсеткіштері.

- А) адамдардың өмір сүру сапасының жоғары деңгейі, қоғамдық қатынастардың тәртіпке келуі, ұлттық байлықтың өсу қарқыны
- В) ұлттық байлықтың өсуі
- С) жалпы ішкі өнімнің өсуі
- Д) қоғамдық қатынастардың қауіпсіздігі
- Е) жалпы ұлттық өнімнің өсуі

44. Мемлекеттік бақылау – бұл ...

- А) бұл арнайы өкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен өзге де өкілетті субъектілердің объектінің жұмыс істеу процесін оның берілген

бағыттардан ауытқуын жою мақсаты үшін байқау мен тексеру жүргізу жөніндегі қызметі

В) құзіретті іске асыру бойынша қызмет көлемін, мазмұнын және қорларын сипаттайтын мемлекеттік органдағы құқықтық қадағалау

В) басқару саласындағы адамның дағдылары, тәсілдері, амалдары мен әрекеттерінің жиынтығын тексеру

С) субординациялық өзара байланыстарды белгілеу

Д) барлық мемлекеттік органдардың қадағалау іс-әрекеті

Е) заңдылықтың орындалуына тексеру жүргізу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметі

45. Басқару ақпаратына қойылатын талаптар:

А) көкейтестілігі, шындыққа жанасуы, жеткілікті болуы, ашық, айқын болуы

В) заңдылығы, құқықтық тәртіпке сай келуі

С) объективтілік, жариялылық

Д) жүйелілік ұтымдылық

Е) заңдылығы, тиімділігі

46. Мемлекеттік басқаруда заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдерінің түрлері.

А) барлық жауаптар дұрыс

В) мемлекеттік қадағалау

С) сот бақылауы

Д) шағымдану

Е) мемлекеттік бақылау

47. Мемлекеттік басқарудағы қызмет тәртібі дегеніміз не?

А) мемлекеттік қызмет бойынша міндеттер мен құқықтарды, функциялар мен өкілеттіктерін жауапкершілікпен және адалдықпен орындау

В) мемлекеттік органдарды ұйымдастырудың нақты типтік моделін ұстану

С) еңбек келісімі мен еңбек заңының шарттарына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің іс-әрекеті

Д) ҚР “Мемлекеттік қызметкерлер туралы” заңына сәйкес мемлекеттік басқару мәселелерін шешу

Е) дұрыс жауап жоқ

48. Басқару қызметінің субъектілеріне байланысты мемлекеттік бақылау түрлері қалай бөлінеді?

А) ҚР Президентінің бақылауы; заң шығарушы билік органдарының бақылауы;

В) атқарушы билік органдарының бақылауы, заң шығарушы билік органдарының бақылауы

С) мемлекеттік қызметкерлердің бақылауы, мемлекеттік органдардың бақылауы

Д) азаматтардың мемлекеттік орган қызметін бақылауы, құқық қорғау органдарының бақылауы

Е) құқық қорғау органдарының бақылауы, қоғамдық бақылау

49. Бақылау қызметінің бағытына байланысты мемлекеттік бақылау түрлері қалай бөлінеді?

А) сыртқы, ішкі

В) жалпы, арнайы

С) жеке, жалпы

Д) қоғамдық, халықтық

Е) міндетті, міндетті емес

50. Мазмұнына байланысты мемлекеттік бақылау түрлері қалай бөлінеді?

- А) жалпы, арнайы
- В) сыртқы, ішкі
- С) республикалық, жергілікті
- Д) республикалық, аймақтық, жергілікті
- Е) әкімшілік, құқықтық

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». – Алматы: КАЗИНФОРМ, 2010ж.
2. 30.08.1995ж. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
3. ҚР Заңы: Мемлекеттік қызмет туралы. 23.07.1999ж.
4. ҚР Конституциясы, Президенті, Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі, Үкімет, республикалық Референдум, сайлау туралы ҚР заңдары.
5. 2030 жылға дейінгі ҚР даму стратегиясы.
6. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы.
7. Атаманчук Г.В. Обеспечение рациональности государственного управления. - М.: Юридическая литература, 1990г.
8. Ихданов Ж., Сансызбаева Ғ.Н., Есенжігітова Р.Ғ. «Мемлекеттік басқару теориясы».
9. Мухтарова К.С. и др. Мемлекеттік басқаруды ұйымдасрудың теориясы және практикасы: Оқу куралы. – 2-е изд. доп. - Алматы: Қазақ Университеті, 2001ж.
10. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1998ж.
11. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы», 16.12.1991ж.
12. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», 26.11.1995ж.
13. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», 16.10.1995ж.
14. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының үкіметі туралы», 18.12.1995ж.
15. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», 25.12.2000ж.
16. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», 28.09.1995ж.

17. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 01.07.1999ж.
18. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 30.01.2001ж.
19. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері), 03.05.2005ж.
20. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы», 23.01.2001ж.
21. Назарбаев Н. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы: «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». 28.02.2007ж.
22. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. – М.: Омега-Л, 2004г.
23. Глазунова Н.И. Система государственного управления. – М.: ЮНИТИ, 2003г.
24. Уваров В.Н. Теория государственного управления. – Петропавловск, 2006г.
25. Чиркин В.Е. Государственное и муниципальное управление. – М.: Юрист, 2003г.